

Мазмұны

iLook 310 мүмкіндіктері.....	1
Құрылғыны баптау.....	2-3
Лездік хабар алмасу қолданбасын пайдалану.....	3-4
CrazyTalk CamSuite PRO бағдарламасы.....	5-15
IM қолданбасы бар CrazyTalk CamSuite PRO бағдарламасы.....	16-20
Веб камера ақауларын жою.....	21

iLook 310 мүмкіндіктері

Жедел хабарыңызға жанды бейне файлын үстеңіз!

iLook 310 веб-камерасының көмегімен компьютеріңізді тікелей хабар тарату хабына айналдырыңыз. Ол Windows Vista, XP, 2000, Me, 98SE жүйелерімен жұмыс істейді. Электрондық поштада бейне файлдарын жасаған кезде немесе “бірге бір” бейне сұхбаттарын жүргізген кезде осы қолданылуы оңай веб-камера сіздің желідегі байланысыңызға өзіндік сипат береді. Өзіңіздің ұнататын адамдарыңызбен бүгін жанды бейне сұхбаттары арқылы хабарласыңыз!



1.Суретке түсіру батырмасы

Қимылсыз суретке түсіру үшін қас-қағымдық сурет батырмасын басуға болады.

2.Линза

Линзаны бұрау арқылы кезелімді лайықтаңыз.

3.Жарық диодты айғақтауыш

iLook 310 компьютердің USB портына жалғанған және жарық диодты айғақтауыш шам бейне бағдарламасы жұмыс істеген кезде жанады.

4.Микрофон

5.Бұрылмалы және бекітпелі тұрғы

Бапталатын бекітпелі тұрғы барлығына дерлік – қолкомпьютердің бейнебетіне, бейнебеттік терминалдарға және сұйық кристалды мониторларға дәл келеді.

Құрылғыны баптау

Веб-камераны пайдаланбас бұрын құрылғы драйверлері мен бағдарламаларын орнату қажет.


Драйверлерді орнатып алмай тұрып веб-камераны компьютерге жалғамаңыз.

1. **iLook 310 веб-камерасының драйверін Windows Vista/XP/2000/Me/98SE жұмыс ортасы үшін орнату**
 - a. iLook 310 веб-камерасын орнатуға арналған ықшам дискіні CD-ROM дискі ұясына кірістіріңіз.
 - b. Autorun (өздігінен жегу) бейнебетінде орнату бейнебеті пайда болады. “**Driver**” түймешігін шертіңіз де, бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.
 - c. Егер **DirectX** сіздің компьютеріңіздегі амалдық жүйеде болмаса немесе нұсқасы ескі болса, оны ықшам дискіден орнатыңыз.



ЕСКЕРІМ

- Егер Autorun (өздігінен жегу) бейнебеті жұмысқа қосылмаса, төмендегі қадамдарды жасаңыз
 - “Бастау” мәзірін шертіңіз
 - D:\SETUP.EXE теріңіз де, Enter пернесін басыңыз.
(CD-ROM-ның D дискіенгізгісінде екеніне көз жеткізіңіз.)
2. Орнатуды аяқтау үшін бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.
 3. **iLook 310 веб-камерасының USB кабелін компьютердегі немесе қолкомпьютердегі USB портына жалғаңыз.**



4. Барлық бағдарламалар орнатылып болғаннан кейін компьютердің жұмысын қайта бастаңыз.

5. Бағдарламалық жасақтама мен аппараттық құралдарды орнату аяқталды. Өзіңіз бейне мәжіліс үшін немесе достарыңызбен сұхбаттасу үшін пайдаланғыңыз келген бағдарламалық жасақтаманы орнатуыңызға болады.

**ЕСКЕРІМ**

- Веб-камера бейне көрсету мүмкіндігін қолдайтын кез келген бейне сұхбаттық бағдарламалық жасақтамамен жақсы жұмыс істей алады.
- Драйвердің орнатылуын Windows 98SE/Me/2000/XP/Vista жұмыс ортасынан жою үшін: Тапсырмалар үстеліне барыңыз да, “Бастау → Бағдарлама → iLook 310 (“Жою” әмірлерін таңдаңыз, содан соң драйверді жою үшін бейнебеттегі нұсқауларды орындаңыз.

Лездік хабар алмасу қолданбасын пайдалану

- **MSN Messenger**
 - a. Жанды бейне жетесі үшін MSN Messenger бағдарламасының 6-шы немесе одан жаңарақ нұсқасы керек. Егер ол сізде болмаса, оны қотарып алу үшін <http://messenger.msn.com> веб-торабына барыңыз.
 - b. Енді MSN Messenger қызметіне тіркеліп кіріңіз.
 - c. Істес кісілер тізімінен досыңызды таңдаңыз да, растау үшін “**Жарайды**” батырмасын басыңыз.
 - d. Сұхбаттасуға мүмкіндігі бар достарыңыздың атының үстінен екі рет шертіңіз. Веб-камераның белгішесін шертіңіз.
 - e. Сол кезде сіздің досыңыз шақыру хабарын алады. Досыңыз сұхбат жасау үшін келгенде бейне сұхбат іске қосылады.
 - f. Толығырақ ақпарат алу үшін <http://messenger.msn.com> веб-торабына барыңыз.

■ Yahoo Messenger

- a. Yahoo Messenger бағдарламасын <http://messenger.yahoo.com> веб-торабынан қотарып алыңыз да, әлі тіркелмеген болсаңыз, тіркеліңіз.
- b. Yahoo Messenger қызметіне тіркеліп кіріңіз.
- c. Негізгі терезеден Құралдар мәзірін шертiңіз де, “Веб-камераны бастау” әмірін таңдаңыз.
- d. Messenger тізіміндегі атаудың үстінен тінтуірдің оң жақ батырмасымен шертiңіз де, “Веб-камераны қарау” әмірін таңдаңыз.
- e. Сол кезде сіздің досыңыз шақыру хабарын алады. Досыңыз Иә батырмасын басқан кезде, бейне сұхбат іске қосылады.
- f. Толығырақ ақпарат алу үшін <http://messenger.yahoo.com> веб-торабына барыңыз.

■ AOL Instant Messenger

- a. AOL Instant Messenger бағдарламасын <http://www.aim.com> веб-торабынан қотарып алуға болады, содан соң әлі тіркелмеген болсаңыз, тіркеліңіз.
- b. AOL Instant Messenger қызметіне тіркеліп кіріңіз.
- c. “Messenger тізімін көрсету” әмірін шертiңіз де, бейне сұхбатты бастау үшін сұхбаттасқыңыз келген досыңызды таңдаңыз.
- d. Сол кезде сіздің досыңыз шақыру хабарын алады. Досыңыз сұхбат жасайтынын растаған кезде бейне сұхбат іске қосылады.
- e. Толығырақ ақпарат алу үшін <http://www.aim.com> веб-торабына барыңыз.

**ЕСКЕРІМ**






- Бейне мәжіліс немесе бейне сұхбат бағдарламаларын іске қоспас бұрын камераны компьютерге қосқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Бейне мәжіліс немесе бейне сұхбат бағдарламаларын іске қоспас бұрын басқа веб-камера бағдарламаларын жапқаныңызға көз жеткізіңіз.

CrazyTalk Cam Suite PRO пайдалану

Қосымша бонус ретінде, жиынтыққа енгізілген CrazyTalk Cam Suite PRO бағдарламасы бейне сұхбаттасуды осы қосымша мүмкіндіктер арқылы қызықты қылып, байыта түседі.



 Capture	Өртүрлі ажыратымдығы бар фотокескін мен бейнені түсіріп, YouTube қызметіне тікелей жүктеңіз.
 Avatar Live	Еріннің қозғалысы бар қосылған бейне сұхбат кезінде үнемі өзгеріп, сөйлеп, қозғалыста тұратын кейіпкерлер пайда болады.
 Magic Mirror	Желіге қосылған бейне сұхбат кезінде бет-әлпетті өзгертіңіз немесе бетіңізге бет accessories мен күлкілі мөрлерді қосыңыз.
 Media Share	Сүйікті бейне клиптер мен фото слайдтық көрмелердің түсіріліп болуын күтпестен бірден бөлісе беріңіз.

 Desktop Share	Желіге қосылған көрме, алыстан басқарылатын оқу-жаттықтыру әрекеті және бағдарлама жұмысына қатысты жұмыс үстеліндегі әрекетті қозғалыс барысында көрсетіңіз.
 Monitor	Болмаған кезіңізде, веб камераның алдында болған жағдайлар туралы хабарлайды.
	Бейне сұхбатты қосу мүмкіндігі арқылы, жүйенің жүктелуін бейне деректерді лездік хабар алмасу серіктесіңізге жіберуді тоқтату арқылы азайтуға болады.
	Таңдау терезесін бейнелеу үшін. Жалпы орнатымдарды таңдау тілқатысу терезесінде өзгертуге болады.
	Веб камера драйверінің сипаттар терезесін бейнелейді. Берілген басқару тетіктері сәйкесінше драйверге байланысты болады.

Жүйелік талаптар

CrazyTalk Cam Suite PRO бағдарламасын жегуден бұрын компьютердің ең төменгі жүйелік талаптарға сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

	Ең төменгі	Кеңес берілген
Жабдық		
CPU	Pentium 4, 2.0 ГГц	Pentium 4, 3.0 ГГц немесе одан жоғары
RAM	256 МБ	512 МБ немесе одан жоғары
Диск орны	100 МБ	200 МБ
Керек-жарақтар	Duplex дыбыс картасы, VGA карта, пернетақта, тінтуір, микрофон, дыбыс күшейткіші	
Бағдарлама		
Амалдық жүйе	Windows 2000, XP және Vista	
Лездік хабар алмасу бағдарламасы	Windows v3.0 немесе одан да жоғары нұсқасына арналған Skype сияқты	
DirectX	DirectX 9 немесе одан жоғары	

Түсіру

Веб камера арқылы өз кескініңізді немесе бейнеңізді түсіру және бөлісу үшін **Snapshot** немесе **Record** түймешігін нұқуға болады.




1	Камера қосұлы/ажыратулы:	9	Әуен/дыбыс миксері
2	Сызба және мәтін	10	Артқы қосымша әуен
3	Дыбыс морфы	11	Алдын-ала қарау
4	Фотокескін түймешігі	12	Өшіру
5	Фотокескін ажыратымдылығы	13	Электрондық пошта
6	Бейне жазба түймешігі	14	Youtube қызметіне жүктеу
7	Бейне ажыратымдылығы	15	Пиктограмма/тізім көрінісі
8	Үнділікті реттеу		

Қозғалмалы аватар

Достарыңызбен бейне сұхбаттар жүргізу үшін таңдаулы аватар пайдалануға болады.




<p>1</p>	<p>Аватар Әдепкі аватарларды пайдалануға немесе жеке аватарлар жасау үшін қосымша нұққа болады.</p>
<p>2</p>	<p>Эмоциялық бейнелер Дыбыс әсерімен қатар аватарға әртүрлі эмоциялық бейнелерді қосуға мүмкіндік аласыз. Егер бейне-конференц байланысын пайдалансаңыз, аватар мен эмоциялық қозғалыстың екеуі де конференц байланыстағы серіктесіңізге көрінетін болады.</p>
<p>3</p>	<p>Көлденең айна Аватардың басыңызға сай айнаға қарағандай қозғалуы үшін камера терезесін көлденең айналдыру мақсатында көлденең терезені нұқыңыз.</p>

<p>4</p>	<p>Қалпына келтіру Аватарды камера терезесіне сыюы үшін сәйкес өлшем мен бұрышқа сай түзету және ұлғайту үшін Reset түймешігін нұқыңыз.</p>
<p>5</p>	<p>Алдын-ала қарау  Алдын-ала қарау терезесін бастау үшін Preview түймешігін нұқуға болады</p>

Ғажайып айна


Достарыңызбен бейне сұхбат жүргізу үшін өз келбетіңізді пайдалануға және ғажайып айна арқылы әртүрлі әсерлерді қолдануыңызға болады.





<p>1</p>	<p>Морфа Бетіңізге таңдаулы бет морфасын өзгертуге болады.</p>
<p>2</p>	<p>Әсер Келбетіңізге комикалық әсер қосуға болады.</p>
<p>3</p>	<p>Алдын-ала қарау  Алдын-ала қарау терезесін бастау үшін Preview түймешігін нұқыңыз</p>

Мультимедиямен бөлісу

Мультимедиялық файлдарды бейне сұхбат кезінде еш кідіріссіз бөлісуге болады. Бірнеше мультимедиялық файлдарды ойнатып, достарыңыздың оларды бір мезетте қарауына мүмкіндік беруге болады. Мультимедиялық файлдар ретінде бейне файлдар (Mpeg, AVI, WMV) немесе кескін файлдары (JPG, BMP, GIF) бола алады.









	Ойнату тізімі
	Қалтадағы файлдарды таңдау үшін Import Files түймешігін басыңыз.
	Move up /Move down түймешігін басыңыз немесе файлды тізімдегі басқа орынға сүйреңіз.
	Тізімдегі файлдарды ойнату/бөлісу үшін Share түймешігін нұқыңыз. Ойналып жатқан ағымдық файл таңдалынады. Бөлісуді доғару үшін Stop түймешігін нұқыңыз.
	Бөлісуден бұрын алдын-ала қарап алу үшін Preview түймешігін нұқыңыз
	Таңдалған файлдарды тізімнен алып тастау үшін осы түймешікті нұқыңыз.

	Тұйықтық ішінен таңдалған файлдарды ойнату үшін Loop түймешігін ажырата қосыңыз.
	Ағымдағы уақытта ойналып жатқан файлдың жақтауын шолу үшін жүгірткі жолағын сүйреңіз.

Жұмыс үстелімен бөлісу

Бейне сұхбат кезінде достарыңызға жұмыс үстеліндегі әрекеттерді көрсетудің үш жолы бар.



	Бөлісу ауқымы Жұмыс үстеліндегі кез-келген орынды бөлісуге болады.
	Қайталау түймешігі Соңғы бөліскен аймақты қайта белсенді ету үшін басыңыз.
	Бөлісу терезесі Жұмыс үстеліндегі кез-келген терезені бөлісуге болады.
	Толық бейнебетті бөлісу Жұмыс үстеліндегі тұтас бейнебетті бөлісуге болады.
	Тоқтату Бөлісуді доғару үшін Stop түймешігін нұқыңыз.

Монитор

Бұл функция веб камераға көрінетін қозғалыстарды жазады. Оқиғаның орын алғанын хабарлау үшін фотокескіндерді қамтитын электрондық пошта жіберіледі. Жазылған бейне кейін тексеруіңіз үшін галерея қалтасында сақталады.





<p>1</p>	<p>Қозғалыс сезімталдығының деңгейі Сезімталдық деңгейін реттеу үшін Motion sensitivity level жүгірткісін сүйреңіз. Сезімталдық деңгейі төмен болған сайын, қозғалыс та аз жазылады. Бұл кішігірім қозғалыстардың жазылмайтындығын білдіреді.</p>
<p>2</p>	<p>HD орнының орнатымы Жазылған бейнелер қатты диск орнын алатынына байланысты, қатты диск орны белгілі бір деңгейге жеткенде жазуды тоқтатуға болады. Жазуды тоқтатқыңыз келген кезде жүгірткіні сүйреу арқылы реттеуге болады.</p>
<p>3</p>	<p>Фотокескіні бар электрондық пошта хабарландыруы Фотокескіннің электрондық пошта арқылы жіберілуін қаласаңыз, Email notification with snapshot құсбелгі көзін қойыңыз. Электрондық пошта мекенжайын орнату үшін E-mail setting түймешігін нұқыңыз.</p>

4**Бақылауды бастау/тоқтату**

Бақылауды бастау үшін **Start Monitor** түймешігін нұқыңыз.
Бақылауды тоқтату үшін оны қайтадан нұқыңыз.

Бейне сұхбатты қосу

Enable Video Chat мүмкіндігі арқылы, жүйенің жүктелуін бейне деректерді лездік хабар алмасу серіктесіңізге жіберуді тоқтату арқылы азайтуға болады.

-  Бұл белгіше бейне сұхбат мүмкіндігінің қосылғанын білдіреді.
-  Бұл белгіше бейне сұхбат мүмкіндігінің ажыратылғанын білдіреді.

Таңдау

Таңдау терезесін бейнелеу үшін **Preferences** түймешігін нұқыңыз. Жалпы орнатымдарды осы тілқатысу терезесінде өзгертуге болады.



1

Select Camera параметрі әдепкі камераны таңдауға мүмкіндік береді. Компьютерде бірнеше камера орнатылған болса, онда солардың біреуін таңдау қажет болады.


2	Веб камераның келбетті анықтауы, келбетті өздігінен ұлғайтуы және орта тұсын табуы үшін Enable auto zoom құсбелгі көзін қойыңыз.
3	Auto preview after captured құсбелгі көзін қойыңыз, кескін немесе бейнені түсіргеннен кейін алдын-ала қарау терезесі шығып, өздігінен ойнатылады.
4	Түсірілген кескіндер мен бейнелерді сақтауға арналған қалтаны таңдау үшін Browse түймешігін нұқыңыз.
5	Бұл аватардың басы мен көздері бас немесе тінтуірді бақылап, тірі аватар функциясының көмегімен қозғалуы үшін бас қозғалысының бағынышты түймешігін қосу үшін бет/тінтуір бақылауын орнатады.
6	Бұл мультимедияны бөлісу функциясы арқылы әр кескіннің белгілі бір секундқа созылу уақытын әр слайдтың (секунд) созылу уақытын орнату үшін қолданылады.

Камера орнатымы

Веб камера драйверінің сипаттар терезесін бейнелеу үшін Camera Settings түймешігін нұқыңыз. Берілген басқару тетіктері сәйкесінше драйверге байланысты болады.




ЕСКЕРІМ

- Әр функцияның егжей-тегжейлі орнатымын желідегі анықтамадан қарау үшін  басыңыз.


ІМ қолданбасы бар CrazyTalk CamSuite

Window Live Messenger бағдарламасы


1. CrazyTalk Cam Suite PRO және Window Live Messenger бағдарламасын орнатыңыз.
2. Аудио және бейнені баптау шеберін ашу үшін Tools/Audio және бейнені баптау параметрін нұқыңыз.




3. Келесі түймешікті тексеріңіз




4. 1-ші қадамда, ашылмалы тізімді өзгеріссіз қалдырыңыз және Next түймешігін нұқыңыз.



5. 2-ші қадамда, ашылмалы тізімнен CamSuite Virtual Audio таңдаңыз. Next түймешігін нұқыңыз.




6. 3-ші қадамда, ашылмалы тізімнен CamSuite Virtual Camera таңдаңыз. Finish түймешігін нұқыңыз.




Енді, MSN Messenger бағдарламасы CrazyTalk Cam Suite PRO жалғанады. Мына әсерлер: Бейне-конференц байланысы кезінде тірі аватар, ғажайып айна, мультимедияны бөлісу және жұмыс үстелімен бөлісу параметрлері көрінеді.

Skype бағдарламасы


1. CrazyTalk Cam Suite PRO және Window Live Messenger бағдарламасын орнатыңыз.
2. Параметрдің тілқатысу терезесін ашу үшін **Tools/Options...** нұқыңыз.



3. Sound Devices таңдаңыз және Audio In параметрін CamSuite Virtual Audio орнатыңыз.



4. Video таңдаңыз және Select webcam параметрін CamSuite Virtual Camera орнатыңыз.



5. Save түймешігін нұқыңыз. Хабар жіберу бағдарламасы, содан кейін, аудио және бейне қор көздерін Cam Suite бағдарламасынан алады.

Веб камера ақауларын жою

1-ші сұрақ: Ұзын USB кабель арқылы жалғанған кезде компьютер веб камераны анықтай алмайды.

Шешім:

- Веб камераны компьютердің USB портына тікелей жалғаңыз. Веб камераның компьютер артындағы USB портқа жалғандығына көз жеткізіңіз. Компьютердің алдындағы кейбір USB порттар веб камераға жеткілікті қорек бермеуі мүмкін.

2-ші сұрақ: USB портқа арналған жүйелік талаптар жеткіліксіз, жүйенің қызметіне кедергі келтіруде.

Жүйедегі құрылғылар өте көп, бұл жүйенің USB бақылағышына қатысты IRQ ақауларына әкелуде.

Келесіні орындаңыз:

- Жүйеден кейбір USB құрылғыларды алып тастаңыз.
- Жүйені қайта жегіңіз.
- Компьютер қорларды қайта үлестіреді.

3-ші сұрақ: Веб камера шамы жанбайды немесе компьютер еш айқын себепсіз қайта жегіледі.

USB құрылғы компьютерден қоректі мөлшерден тыс алуы мүмкін. Бұл USB құрылғыларды пассивті немесе өздігінен қоректенетін USB бағыттағышты жалғаған кезде орын алуы мүмкін. USB Hub Power Exceeded тілқатысу терезесі пайда болады.

Келесіні орындап көріңіз:

- Веб камераны компьютердің USB портына тікелей жалғаңыз.
- Сыртқы қорек көзі бар USB бағыттағышты пайдаланыңыз.